

Панфилов аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 ақпандағы № 6-14-100 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 17 наурызда № 4147 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Панфилов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Панфилов аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Панфилов аудандық мәслихатының " Бюджет және экономика, аграрлық кәсіпкерлік, өндіріс, жол және құрылыс мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Ж. Абилов

*Аудандық мәслихат хатшысының
өкілеттілігін уақытша атқарушы*

Н. Нұрғалық

Панфилов аудандық мәслихатының 2017 жылғы
28 ақпандағы № 6-14-100 шешімімен бекітілген
қосымша

Панфилов аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылатын кейбір шешімдердің тізбесі

1. "Панфилов ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 5-57-385 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3644 тіркелген, 2016 жылдың 7 қаңтарында "Жаркент өңірі" газетінде жарияланған);

2. "Панфилов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы "Панфилов ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 5-57-385 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2016 жылғы 1 ақпандағы № 5-60-396 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3708 тіркелген, 2016 жылдың 19 ақпанында "Жаркент өңірі" газетінде жарияланған);

3. "Панфилов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы "Панфилов

ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 5-57-385 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2016 жылғы 24 наурыздағы № 6-1-7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3761 тіркелген, 2016 жылдың 8 сәуірінде "Жаркент өңірі" газетінде жарияланған);

4. "Панфилов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы "Панфилов ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 5-57-385 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2016 жылғы 19 мамырдағы № 6-4-31 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3854 тіркелген, 2016 жылдың 1 маусымында "Жаркент өңірі" газетінде жарияланған);

5. "Панфилов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы "Панфилов ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 5-57-385 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2016 жылғы 20 шілдедегі № 6-7-51 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3923 тіркелген, 2016 жылдың 5 тамызында "Жаркент өңірі" газетінде жарияланған);

6. "Панфилов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы "Панфилов ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 5-57-385 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2016 жылғы 26 қазандағы № 6-9-71 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3995 тіркелген, 2016 жылдың 18 қарашасында "Жаркент өңірі" газетінде жарияланған).